

**«Нурби» Мектеп-бөбекжай-бақша» кешені  
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі**



**I әдістемелік кеңес  
хаттамасы.  
2021-2022 оқу жылы**

**Шымкент қаласы**

Хаттама №1

Уақыты: 12.09.2021 жыл

Жүргізілу түрі: Дөңгелек үстел

Әдіскер: Абдухаликова Г.Т.

Қатысқаны-

Қатыспағаны-

### **Күн тәртібінде:**

1. «Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдары мен мектепалды сыныптарында 2021-2022 оқу жылында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хатымен таныстыру «Балаларды ерте дамыту институтының» Ғылыми-әдістемелік кеңесінің шешімімен ұсынылады.(2021 жылғы 26 шілдедегі №7 хаттама). Әдіскер- Абдухаликова Г.Т.

2. «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарлама өзгерістерді таныстыру.

### **Тыңдалды:**

- Сөйледі: әдіскер Абдухаликова Г.Т. 2021-2022 оқу жылында мектепке дейінгі ұйымдары мен мектепалды сыныптарында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыруда көптеген өзгерістер бар екендігін айтты. Осыған орай бөбекжай-бақша кешені педагогтарын әдістемелік нұсқау хатпен (2022 жылғы 26 шілдедегі №7 хаттама) таныстырды. Яғни, нұсқау хат мазмұны төмендегідей:

- Нормативті құқықтық қамтамасыз ету;
- Тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері;
- Заттық-кеңістіктік дамытушы ортаны ұйымдастыруға қойылатын талаптар;
- Мектепке дейінгі ұйым мен мектепалды даярлық сыныбының педагогіне қойылатын талаптар;

- Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту жүйесін әдістемелік қамтамасыз ету,-пунктеріне ерекше тоқталып, жіті түсіндіру жұмыстарын жүргізді.

Әдістемелік нұсқау хатта 2021-2022 оқу жылындағы негізгі міндеттер белгіленген, ол мынандай бағыттарды қамтиды:

- Әр баланың жеке қабілеттері мен қажеттіліктерін ескере отырып, жайлы дамытушы қауіпсіз беру ортасын, оның ішінде инклюзивті орта құру;
- Балалардың өмірін қорғау және денсаулығын нығайту, салауатты өмір салты негіздерін, қауіпсіз өмір сүру дағдыларын қалыптастыру т.б.

Тәрбиеленушілердің жеке тұлғасын жан-жақты дамыту мына бағыттар бойынша :

- физикалық дамыту;
- коммуникативтік дағдыларды дамыту;
- танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту;
- шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту;
- әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру арқылы іске

асырылады,- деді. Сонымен қатар, ортаңғы топтан бастап мемлекеттік тілді меңгерту мақсатында күні бойы режимдік сәттерде Үлгілік оқу бағдарламасында айқындалған сөздік минимумды үйрету, түрлі балалар әрекетінде тәрбиеленушілердің ауызекі байланыстырып сөйлеуін дамыту, сондай-ақ қазақ халқының мәдениетімен, салттары мен дәстүрлерімен таныстыру, белсенді сөздікті байыту ұсынылады,- деді.

**Шешім:** Әдістемелік бірлестіктің жұмысын жүйелеу.

2. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2021 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығы Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты төмендегідей тараулардан:

1-тарау. Жалпы ережелер

2-тарау. Тәрбие мен оқыту нәтижелеріне бағдарланған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнына қойылатын талаптар.

3-тарау.Тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптар.

4-тарау. Тәрбие мен оқыту мерзіміне қойылатын талаптар,-тұрады деді. Әр тарауға жеке-жеке тоқталып, нақтылап түсіндіру жұмыстарын жүргізді.

Сонымен қатар Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына да тоқталып өтті. Бағдарламаның мақсаты әр баланың қызығушылықтарын, ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, жалпы адами және ұлттық құндылықтар негізінде оларды толыққанды дамыту мен әлеуетін ашу болып табылады. Бағдарламаның міндеттері мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу мен оқыту үшін жайлы және қауіпсіз білім беру жағдайларын жасау, баланың даралығы мен субъективтілігін қолдауға бағытталған дамытушы заттық-кеңістіктік ортаны, оның ішінде арнайы ортаны құру, олардың жас ерекшеліктеріне сәйкес біліктері мен дағдыларын қалыптастыру, мектепке де йінгі білім берудің сабақтастығы мен үздіксіздігі ұстанымдарын қамтамасыз ету, балалардың физикалық дамуы, коммуникативтік, танымдық, зияткерлік, шығармашылық дағдыларын, зерттеушілік қабілеттерін дамыту, отаншылдыққа, мәдени-әлеуметтік нормаларға баулу, баланың мектепте оқуға физикалық, психологиялық, эмоционалдық, әлеуметтік дайындығы үшін тең бастапқы мүмкіндіктерді беру болып табылады,-дей келе бағдарламаның мазмұны туралы толықтырып айтып өтті.

**Шешім:** Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты мен мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын күнделікті ұйымдастырылған оқу қызметі барысында дұрыс қолдануын қадағалау.

Әдіскер:



Абдухаликова Г.Т.

**«Нурби» Мектеп-бөбекжай-бақша» кешені  
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі**



**II әдістемелік кеңес  
хаттамасы.**

**2021-2022 оқу жылы**

**Шымкент қаласы**

Хаттама №2

Уақыты:07.11.2021 жыл

Жүргізілу түрі: Дөңгелек үстел

Әдіскер: М. А. Мирананова

Қатысқаны-

Қатыспағаны-

### **Күн тәртібінде:**

1. Мониторинг жүргізу жолдарымен таныстыру, әдістемелік сүйемелдеу.
2. Мектепке дейінгі ұйым педагогтерін аттестатталуға (ұлттық біліктілік тест)дайындық кезінде әдістемелік сүйемелдеу және практикалық көмек көрсету.
3. Инновациялық тәсілдерді енгізуді жүзеге асыру, жоба және оның жүзеге асыру жолдары.

### **Тыңдалды:**

-Сөйледі бөбекжай-бақша кешені әдіскері Абдухаликова Г.Т.  
балалардың дамуына мониторинг жүргізуде педагог төмендегі:

- үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын;
- баланың біліктері мен дағдыларының даму деңгейін өлшеу әдістері, бақылау, ойын жағдаяттарын құру, ойын, әңгімелесу, сұрақтар мен жауаптар, өнімді әрекет түрлерін;
- мектепке дейінгі жастағы баланың біліктері мен дағдыларының даму деңгейін есептеу әдістерін;
- ақпараттық-коммуникациялық технологияларды игеру қажет,- деді.

Мониторингтің субъектісі мектеп жасына дейінгі 1 жастан 6 жасқа дейінгі балалар болса, мониторингтің объектісі балалардың жасы мен бес сала бойынша күтілетін нәтижелерге сәйкес олардың физикалық, зияткерлік және жеке қасиеттері,-деп, мониторингтің оқу жылында үш рет толтыратынын түсіндіріп айтты. Стандарт талаптары бала дамуының 3 деңгейі болуын қарастырады,-деді. Әр диагностика нәтижелерін педагог Бақылау парағында білім беру саласы бойынша толтырады. Содан соң топ бойынша Жиынтық есеп жасалады. Ол жиынтық есепті әдіскер жасайды деді.

**Шешім:** Барлық топ тәрбиешілері бастапқы бақылау парағын жас ерекшелігін ескере отырып толтырып өткізу.

2. Ұлттық біліктілік тестілеу – білім беру саласындағы уәкілетті орган айқындаған ұйым әзірлеген тестілер бойынша мектепке дейінгі, бастауыш,

негізгі орта, жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғалардың кәсіби құзыреттілік деңгейін айқындауға бағытталған рәсім. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс атқаратын педагогтар үшін ұлттық біліктілік тестілеу екі блоктан тұрады, барлығы 60 тест тапсырмасы: бірінші блок "Мектепке дейінгі педагогика және психология" 30 тапсырмадан тұрады; екінші блок " Ұлттық біліктілік тестілеудің жалпы уақыты жүз жиырма минутты құрайды,-деді.Тапсырмалар қолданыстағы нормативтік құжаттар (стандарттар, типтік бағдарламалар, тест спецификациялары, әдістемелік ұсынымдар, техникалық тапсырмалар және т.б.) негізінде жасалады.Сондықтанда мектепке дейінгі ұйымдарда қолданыстағы нормативтік құжаттарды білу және жіті қанық болу керек. Егер мен жақтан көмек керек болса мен қашанда әдістемелік көмек көрсетуге дайынмын деді.

**Шешім:** Аттестатталуға жіберілетін педагогтармен тығыз байланыста жұмыс жасау.

3. Бала - болашағымыз десек, сол балаға жүйелі білім беріп, ынта – ықыласын дұрыс бақыттауды, қабілет - қасиеттерін дамытуды балабақшадан бастауымыз керек. Балабақшада жаңа педагогикалық технологияларды пайдаланудың басты мақсаты: оқыту мен тәрбиелеуде инновациялық ойын технологиясының элементтерін пайдалана отырып, жан - жақты, білімді, құзыретті тұлға тәрбиелеу. Балабақшада қолдануға тиімді технологиялар:
1. ТРИЗ (ӨТШТ) технологиясы.
  2. Тэй - тэй технологиясы
  3. Монтессори технологиясы
  4. Зайцев технологиясы
  5. Дамыта оқыту технологиясы

Осы жоғарыда айтылған инновациялық технологияларды бөбекжай-бақша кешенінде ұйымдастырылған оқу қызметі барысында жиі қолдануымыз керек,- деді.

**Шешім:** аталған педагогикалық технологиялар мен инновациялық құралдар балабақшада балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып пайдаланылсын.

Әдіскер:



Абдухаликова Г.Т.